**ПРОГРАММА «100 МОЛОДЫХ ЛИЦ ҚТЖ» СТАЛА ЧАСТЬЮ КОРПОРАТИВНОЙ КУЛЬТУРЫ КОМПАНИИ, СПОСОБСТВУЯ БОЛЬШЕЙ ВОВЛЕЧЕННОСТИ МОЛОДЫХ СОТРУДНИКОВ И ФОРМИРУЯ ДОПОЛНИТЕЛЬНУЮ ЦЕННОСТЬ КАЖДОДНЕВНОЙ РАБОТЫ.**

Бауыржан УРЫНБАСАРОВ,
директор филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Дирекция магистральной сети»




# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

№33-34 (2641-2642)
14/05/2021




## НА ПОДХОДЕ ЛЕТНИЙ СЕЗОН

**АО «Пассажирские перевозки» начало подготовку парка подвижного состава к летнему сезону и планирует за три месяца лета перевезти более трех миллионов пассажиров.**

**Алуа ТЛЕУБАЙ,**
Нур-Султан

В ходе подготовки подвижного состава к летним перевозкам проводятся работы по обеспечению надлежащего эстетического вида вагонов и принимаются меры по улучшению санитарно-технического состояния вагонов (наружная обмывка кузовов и очистка ходовых частей, покраска тамбуров, титанов, труб систем отопления, при необходимости – замена унитазов, умывальных чаш, покрытия полов, смесителей и другое).

Также при подготовке вагонов проводятся работы по налаживанию систем кондиционирования и вентиляции воздуха, заправка фреоном, прочистка воздуховодов, корректировка плотности аккумуляторных батарей и другие виды работ.

На сегодняшний день вагонный парк составляет более 2 300 вагонов, из них 670 – вагоны «Тұлпар-Тальго» и 116 вагонов электро-дизель-поездов. Во всех вагонах «Тұлпар-Тальго», в 917 вагонах стандартного типа и в 51 вагонах электро-дизель-поездов предусмотрена система кондиционирования воздуха.

Для обновления подвижного состава и покрытия прогнозируемого дефицита пассажиро-мест в связи с выбытием вагонов, компания работает над обновлением пассажирского парка. В течение 10 лет планируется заменить порядка 1 200 вагонов по мере истечения срока эксплуатации.

На постоянном контроле и вопрос обслуживания пассажиров в пути. Компания работает над повышением уровня сервиса для их комфортного путешествия. Поездные бригады постоянно обучаются этике и культуре речи, проходят специальный инструктаж с учетом специфики перевозок в летнее время.

Национальный перевозчик просит пассажиров оформлять «онлайн» проездные документы через сайт BILET.RAILWAYS.KZ или мобильное приложение «Билеты ҚТЖ», не пользоваться сомнительными услугами посторонних лиц, а также при необходимости использовать функционал «лист ожидания» для приобретения железнодорожных билетов.

Все жалобы, обращения и предложения можно направлять на единый круглосуточный контакт-центр по номеру 1433. При этом отмечается, что каждое обращение будет рассмотрено в обязательном порядке с принятием необходимых мер. На все обращения будут предоставлены ответы. Так, при направлении обращения следует указывать необходимые данные, а именно дату поездки, номер поезда, вагона и места, а также контакты для обратной связи.

## ҚҰРЫҚҚА ЖАҢА ПАРОМ КЕЛДІ

**Құрық портына келіп жеткен Ro-Pax типті жаңа «Әзербайжан» теңіз көлігі «Алят – Құрық» бағыты бойынша алғашқы сынағын сәтті өткізді. Көршілес мемлекеттің кемесін Құрық портының бас директоры Серік Ахметов пен Ақтау және Баутин порттары теңіз әкімшілігінің басшысы Нұрбол Ерманов бастаған топ қарсы алды.**

«Бұл – біздің порт үшін тарихи күн. Аталған паром – жаңа типтес, жаңа стандарттар бойынша құрастырылған өзгеше сипаттағы кеме. Бұған қоса, жолаушылардың қолайлылығы үшін айрықша жағдай жасалған. Бұл Әзербайжан мен Қазақстан арасындағы паромды хабарламаны дамытуға зор үлес қосады деп ойлаймын», – деп атап өтті «Құрық порты» ЖШС бас директоры Серік Ахметов.

Ro-Pax типті кемелердің ұзындығы – шамамен 154,5 метр, ені – 17,7 метр және биіктігі – 7,5 метр. Экипажы 30 адам болатын кемелер 14 торап жылдамдығымен жүзе алады. «Әзербайжан» паромының бортында 40 жүк және әртүрлі жүгі бар 19 жеңіл автокөлік бар. Экипаж – 28 адам. Сондай-ақ 47 жолаушы келді. Ro-Pax типіндегі жаңа кемелер жүк көтергіштігі Каспийдегі паромдарға қарағанда үлкен және 100 жолаушыны, 56 вагон-цистернаны немесе 50 ауыр жүк көлігін тасымалдауға шамасы келеді. Құрық портын пайдалана бастағаннан бері 2 мыңнан астам кеме өңделген, 6 млн тоннадан астам жүк тиелген. Қазіргі уақытта порт арқылы қазақстандық астық, көмір, мұнай өнімдері, тыңайтқыш, химикаттар экспортталады. Импорт азық-түлік өнімдері, өнеркәсіптік жабдықтар, құрылыс материалдары және басқа да жүктен тұрады.

*Ұлан ОРАЗ, Нұр-Сұлтан*

**Молдахмет ҚОЖАБЕКОВ,**
Достық станциясының бастығы:



«ИМПОРТТЫҚ ЖҮКТЕРДІ ҚАБЫЛДАУ ЖЫЛ БАСЫНАН БЕРІ 181% ОРЫНДАЛДЫ. БҰЛ КӨРСЕТКІШ ӨТКЕН ЖЫЛҒА ҚАРАҒАНДА 68% АРТТЫ. ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯНЫҢ АЛҒА ҚОЙҒАН МІНДЕТТЕРІН АЛМАТЫ ЖТ БӨЛІМШЕСІНІҢ БАСШЫЛЫҒЫ АБЫРОЙМЕН ОРЫНДАДЫ. ЖОҒАРЫ НӘТИЖЕГЕ ЖҰМЫСТЫ ОҢТАЙЛЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ТАСЫМАЛДАУ ПРОЦЕСІНЕ ҚАТЫСАТЫН БАРЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ НАҚТЫ ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛЫНЫҢ АРҚАСЫНДА ҚОЛ ЖЕТКІЗДІ»

### ЦИФРЫ ГОВОРЯТ

ОБЪЕМ ГРУЗООБОРОТА В ПЕРВОМ КВАРТАЛЕ 2021 ГОДА ПО СЕТИ АО «НК «ҚТЖ»СОСТАВИЛ

**53,3 МЛРД Т-КМ**

НА СЕГОДНЯШНИЙ ДЕНЬ ПО СЕТИ АО «НК «ҚТЖ» КАПИТАЛЬНО ОТРЕМОНТИРОВАНО

**84,7 КМ**

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНОГО ПОЛОТНА

ОБЪЕМ ИНВЕСТИЦИЙ АО «НК «ҚТЖ» ПО РЕГУЛИРУЕМЫМ УСЛУГАМ В 2020 ГОДУ СОСТАВИЛ

**61 МЛРД ТЕНГЕ**

### Селекторлық кеңес

## ҮШ АЙДЫҢ ЖҰМЫСЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАНДЫ

**Биылғы жылдың бірінші тоқсанындағы жүк шаруашылығы жұмысын қорытындылаған селекторлық кеңес өтті. Онда «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС бас директорының бірінші орынбасары Қанат Көбесов өткен үш айда атқарған жұмыстары туралы есеп беріп, алдағы жоспарларымен бөлісті.**

**Сұлугүл БАКЕСОВА,**
Нұр-Сұлтан

Онлайн форматта өткен жиынға өңірдегі барлық жол бөлімшелері басшылары қатысты. Селекторлық басқосу барысында пойыздар қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету, өндірістік қауіпсіздікті сақтау мәселелері талқыланып, пайдалану көрсеткіштерінің орындалуы қорытындыланды, сондай-ақ, «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінде мақұлданған трансформациялау бағдарламасы аясындағы бес жобаның іске қосылуына пәрмен берілді.

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС басшылығы дамудың бес стратегиялық секторы бойынша 20 бастаманы жүзеге асыруға айрықша көңіл бөліп отыр. Атап айтқанда, олар клиентке бағдарлану, бәсекеге қабілеттілік, жүйелендіру, цифрландыру және кірісті немесе тиімділікті арттыру. Осы ретте, маңызды міндеттер қатарында эталондық кәсіпорындарды, яғни бөлімшелерде үлгі болатын вагон және локомотив пайдалану деполарын құру бар екенін атар едік. Олардың қатарында – Семей, Өскемен локомотив деполарымен қатар Алматы, Атырау вагон деполары және Шымкент, Қостанай жол бөлімшелері бар.

Тасымалдау көлемінің өсу жағдайында жүк қозғалысында пойыздар, маневрлік жұмыстар мен сервистік қызмет көрсетуде локомотивтер қозғалысын ұйымдастыру мәселелері стратегиялық маңызға ие болмақ. Сондықтан жұмыс тиімділігі үшін локомотивтерді жөндеуден кейін қабылдап алу барысында бақылау сапасын арттыруға кеңес берілді

Бөлімше басшылары өз баяндамаларында отын-энергетикалық ресурстардың үлес шығынын қысқартуға қатысты қолға алынған шараларға басымдық берді. Сонымен қатар қатысушылар отынды артық жағып жіберу нормаларын есептеудің бекітілген әдістемесін талқылады.

Жиын қорытындысы бойынша Қанат Көбесов барлық жол бөлімшелерінің есебіне сәйкес бағасын беріп, тиісті тапсырмалар берді. Солардың қатарында өндірістік тәртіпті күшейту, еңбек қорғауда осалдыққа жол бермеу, дайындық деңгейін жақсарту, теміржолшылардың жауапкершілігі мен ынтасын арттыру талап етілді. Бұдан бөлек, филиал жетекшілері мен ревизорлық аппарат тарапынан міндетті түрде бақылау қамтамасыз етілу керек екені айрықша сөз болды. Әрбір жол бөлімшесі басшысына жеке фокус-міндеттер белгіленді. Олардың орындалуы «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС басшылығы бақылауында болмақ.



*Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК*

## ОТКРЫТЫЙ ДИАЛОГ

**Свыше 242 миллиардов тенге достигли доходы АО «НК «ҚТЖ» от оказания регулируемых услуг магистральной железнодорожной сети в минувшем году. Об этом сообщили в ходе публичных онлайн-слушаний.**

На мероприятии, в котром приняли участие депутаты Мажилиса Парламента РК, представители госорганов, объединений юридических лиц, промышленных ассоциаций, частные перевозчики и другие, подвели итоги деятельности АО «НК «ҚТЖ» по предоставлению регулируемых услуг в сфере естественных монополий за 2020 год и обозначили основные задачи на текущий.

– Қазақстан темір жолы проводит открытую политику в отношениях с потребителями услуг для повышения эффективности своей деятельности, – отметила председатель слушаний, финансовый директор АО «НК «ҚТЖ» Шолпан Омарбекова.

В своем выступлении она проинформировала, что грузооборот в регулируемых услугах (экспорт, импорт, внутреннее сообщение) в прошлом году составил 192 770 миллионов тонно-километров. Пробег пассажирских вагонов – 432 814 тысяч вагоно-километров.

За отчетный период компания представила временные понижающие коэффициенты на сумму 9,7 миллиарда тенге.

Общий объем инвестиций в 2020 году по регулируемым услугам составил 61 миллиард тенге, что позволило удовлетворить потребности в грузоперевозках железнодорожным транспортом, обеспечить бесперебойную работу железнодорожного транспорта, снизить уровень износа основных фондов, повысить на отдельных участках скорости и оборачиваемость движения поездов.

С подробным отчетом по итогам слушаний можно ознакомиться на официальном сайте АО «НК «ҚТЖ» www.railways.kz в разделе «Инфраструктура».

*Махаббат НЕГЕМБАЕВА,*
*Нур-Султан*

№33-34 (2641-2642) 14/05/2021

# 30 ЖЫЛДЫҚҚА – 30 ТҮП АҒАШ

Райхан РАХМЕТОВА,
Нұр-Сұлтан

АКЦИЯ

**«Орман отырғызудың Ұлттық күні» және «Бірге – таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында «Қазкөліккәсіп» КБ кәсіподақшылары елордада Н. Назарбаев университеті ауласына ағаш отырғызды.**



Қоғамдық бірлестік төрағасы Оразғали Ахметбаев бастаған теміржол саласының кәсіподақ өкілдері Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерейтойы құрметіне 30 түп жеміс ағашын өз қолдарымен екті.

– Өздеріңіз білесіздер, 2014 жылдан бері елімізде Орман отырғызудың ұлттық күні атап өтіледі. Оған жыл сайын біздің кәсіподақ мүшелері мен теміржолшылар қалмай қатысып келеміз. Көктем айының бір күнін таңдап алып, ағаш отырғызамыз. Оңтүстікте наурызда еге бастаса, бізде елордада мамырда күн жылығасын егеміз. Сондай-ақ әр мекеме өз аумағында да ағаштар егіп, абаттандыру ісіне үлес қосады. Бүгінгі акциямызды Тәуелсіздігіміздің және өзіміздің «Қазақстан теміржолшысы» газетінің мерейтойына арнаймыз. Әдетте, біз мұндай шараларды ұйымдастырушы болып, барлық теміржолшыларды осыған жұмылдырамыз, ал қазір кәсіподақ өкілдері өздері осы шараға қатысушы болып келдік, – дейді О.Ахметбаев.

Акцияға сонымен қатар кәсіподақ мүшесі болып табылатын жас теміржолшылар да қатысты. Солардың ішінде «ҚТЖ 100 жас есім» жобасының жеңімпазы, ұлттық компанияның баспасөзбен байланыс жөніндегі менеджері Олжас Ахметов осы акцияға қатысып, үлес қосуды жөн көріпті.

– Жалпы ағаш егу – сауапты іс. Желден, жауыннан аман болып, жайқалып өссе, оның жемісін жеген адамнан, тіпті болмаса саясында демалған адамнан үлкен алғыс алар едік, сондықтан замандастарымды осындай игі шаралардан қалмауға шақырамын, – дейді ол. Кәсіподақ өкілдері университет аллеясына алма, жөке, миндаль, шырғанақ, тағы басқа жеміс ағаштарын отырғызды.

*Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК*

# ЖАЗҒЫ ТАСЫМАЛҒА ДАЙЫН

Шахида ЖҰМАН,
Маңғыстау

ЛОКОМОТИВ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

**Маңғыстау локомотив пайдалану депосының көктемгі комиссиялық байқау мәреге жетіп, тепловоздарды жазғы мезгілге дайындау жұмыстары аяқталды. Арнайы бекітілген бригадалар өз міндетіне сай локомотивтерді жазғы тасымалға сақадай сай етті.**



Жалпы, Маңғыстау локомотив пайдалану депосы паркінде 40-ы МК/ВК сериялы, 14 маневрлік локомотив, барлығы 54 тепловоз бар. Соның ішінде 34 МК сериялы, 12 маневрлік тепловоз көктемгі комиссиялық байқаудан өтіп, 9 тепловозға күрделі жөндеу жүргізілуі жоспарланған. Сәуірдің 26-на дейін 12 тепловоз көктемгі комиссиялық байқауға ағытылды. Оның 8-і МК, 4-еуі ТЭМ-2 сериялы. Қазірде барлық локомотив байқаудан өтіп, кем-кетігі бүтінделіп, сырланып, дайын болған. Ал күрделі жөндеуден өтетін 7 МК, 2 ТЭМ-2 тепловозы да кезең-кезеңмен жөндеуден шыққан. Түбектегі «Ғасыр Маңғыстау» тек ТЭМ-2 сериялы тепловоздарға тиісті жөндеу жұмыстарын жүргізсе, күрделі жөндеу Қазалыда, ал МК сериялы тепловоздарға жоспарлы жөндеу Сексеуіл, Мақат, Шалқар деполарында жүргізілуде.

Маңғыстау локомотив пайдалану депосында жөндеуді бақылау бөлімінің жетекші инженер технологы Саясат Қылышбаев 10 сәуір мен 31 мамыр аралығында өткен комиссиялық байқаудың нәтижелерін баяндай келе, барлық жұмысты арнайы іріктелген төрт бригада атқарғанын мәлімдеді.

– Оның құрамында тепловоз машинистері Қаныбек Сейдалиев, Азамат Бисенбаев, Зинадин Абдуллаев, Кенжебек Мұнатбаев, Қуантай Әлижанов және көмекші машинистер Серік Адаев, Оразғали Қыдыров бар. Бұл бригадалар тепловоздарды жуып тазалау, кузов, капот, жүріс бөлігін сырлау сияқты жұмыстарды атқарды. Барлығы тәжірибелі, өз міндетін жақсы білетін жігіттер, – дейді.

*Суретті түсірген автор*

# ЖҰМЫС ҮДЕРІСІ – ONLINE РЕЖИМІНДЕ

ЦИФРЛАНДЫРУ

**Бүгінгі таңда Семей ЖТ бөлімшесі цифрлы технологияға толығымен көшіп болды. Бірер жылға созылған осынау игілікті шара қазіргі таңда толығымен аяқталып, теміржолшылар үшін заманауи үлгідегі «ақылды технологиялар» дәуірі жүріп жатыр. Нәтижесінде бүгінде бөлімшеде құжат алмасу, іс қағаздарын жүргізу жұмыстары толықтай автоматтандырылған.**

Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей



Бұл тараптағы барлық шаралар аяқталды дегенмен әлі де дамыту және жаңашылдық енгізу бойынша жұмыстар бар. Қағазсыз технология ішінде ең алдымен «Келісімді және коммерциялық жұмыс» басқару жүйесі іске асырылған болатын. Станциялардағы өтінім беру жұмыстары толықтай электронды түрде жүргізілетіндіктен, қазіргі таңда жүк қабылдау, жөнелту ісі де жаңаша өрбуде. Сондықтан да, ең соңғы болып, облысаралық қатынастағы жүк тасымалын қағазсыз технология бойынша жүзеге асыру ісі толық тәмамдалған еді. Бұл істің клиенттермен арадағы келісімді жеделдетіп, тіпті, пойыз құрастыру ісінде де берер тиімділігі зор екенін бүгінде уақыт өзі дәлелдеді.

– Автоматтандырылған қызмет әсіресе құжат алмасу ісінде үлкен жеңілдік әкелген болатын. Алайда, таяу аралықта нақты іске асырылуы тиіс міндеттемелер де туындап отыр. Мәселен, «Семей торабы» және «Өскемен-1» торабы мен «Станциялар» атты автоматтандырылған басқару жүйелерін бір жұмыс кешеніне біріктіріп, барлық станцияларды ортақ серверге қосу қажеттілігі туып тұр. Яғни, бұл жұмыстар биыл Семей және Өскемен-1 станцияларына орталықтандырылып, басқарылатын болады, – дейді бұл орайда пікір білдірген тиісті мамандар.

Биылғы жазға арнайы жұмыс жоспары белгіленген. Атап айтсақ, желі бойындағы барлық станциялардағы есептік кітаптар мен журналдар жүргізу ісін электронды форматқа айналдыру қажет. Бұл – локомотив және вагон пайдалану деполарына да қатысты мәселе. Алайда, бөлімше басшылығының кеңесінде шешілгендей, бұл шаралар бірден емес, тек кезең-кезеңмен орындалуы қажет.

Шығыстағы станция қызметкерлері осылайша қағазсыз іс жүргізіп, құжат алмасу бойынша орын алып жатқан шаралар аясын бұрынғыдан да кеңейтуді жоспарлап отыр. Аталмыш қызмет түрі, әсіресе тауар кассаларындағы жұмыстарды, жөнелтілген жүктерді бақылауды бұрынғыдан да оңтайландыра түспек. Осылайша, «бір терезе» қағидасына сүйенетін «Келісімді және коммерциялық жұмыс» басқару жүйесінің мүмкіндігін кеңейту, қосылу жүк тасымалын жоспарлау, станциялар мен желі бойындағы барлық процестерді online режимінде бақылауға мүмкіндік беретін заманауи жүйенің тиімділігін арттыра түсу көзделуде.

Бұл шаралар биылғы маусымда іске асырылуы тиіс. Оған себеп, «ақылды технологиялар» игілігіне сүйенуді бұрыннан жолға қойған орта бизнес өкілдері мен ұлттық компанияның ел шығысындағы көптеген әріптестерінің сұранысын толық көлемде қанағаттандыру керек. Бүгінгі таңда Семей ЖТ бөлімшесімен виртуалды қарым-қатынас орнатқан клиенттер саны еселеп өсіп келе жатқанын ескерсек, цифрлы технологияларды жетілдіре түсу – бүгінгі күн талабы. Мәселен, ағымдағы жылы «Қазтеміртранс» АҚ вагондарын пайдаланудың көлемі көмір, бағалы кеніш, астық түсті металл тиеу есебінен 50 пайызға жеткізілмек. Яғни, желі бойындағы жүк станцияларына түсетін жүктеме де арта түсетіні белгілі.

Бір бұл емес, цифрлы технология аясында «Вагондармен жұмыс істеу-2015» жүйесінде вагондарды беру және жинау, ЭПД модуль жүйесінде жөнелту және беру бойынша тасымалдау құжаттарын ресімдеу істері атқарылатындықтан станциялар арасындағы электронды байланысты арттыра түсу көзделуде. Жалпы, бұл бағыттағы жұмыстардың барлығы биылғы жылдың жоспары бойынша «ағымдағы мәселелерді шешу» тармағына кіретіндіктен кезек күттірмейді.

*Суретті түсірген автор*

## Көктемгі байқау

# КЕМШІЛІКТЕР КӨЛЕҢКЕДЕ ҚАЛМАДЫ

**Биылғы көктемгі тексерісті қорытындылау жиынында қауіпсіздік техникасы мен еңбек қорғау, қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету және қызметтік-техникалық ғимараттардың жағдайы бойынша барлық шаруашылықтардағы кемшіліктер сараланды. Селекторлық режимде өткен қорытынды жиынға барлық құрылымдық бөлімшелер басшылары мен жауапты мамандар қатысты.**

Қосұйым МҰҚАШЕВ,
Атырау

Тексеру коимиссиясының төрағасы, Атырау жүк тасымалы бөлімшесінің директоры Дархан Құланбаевтың атап өткеніндей, тексеру барысында станциялардың техникалық жағдайы, жолдың үстіңгі қабаты, магистральдық инфрақұрылым мен жасанды құрылғылардың жағдайы, су мен жылу нысандары, өрт қауіпсіздігін сақтау ережелері, орталықтың бұйрықтары мен басқа да нұсқаулықтарын орындау тәртібі қаралған. Өткен 4 айда Атырау жол бөлімшесі бойынша пойыздық және маневрлік жұмыстарда ақау, өндірістік жарақат алу жағдайы болмаған. Жалпы техникалық қызмет көрсетуде ақауды анықтау мен түзетуді дұрыс орындамайды. Соның ішінде тежегіш колодкасының желінуі, автобосату плитасының бұрандалары бос жатады, тежегіш рычагтары реттелмейді. Келген пойызды тексерістен өткізуге уақытында қабылдап алмайды. Вагон қараушылар тарапынан вагонды қарау кезінде қозғалыс қауіпсіздігіне әсер ететін кемшіліктер анықталмай жатады. Соған сәйкес, станцияларда вагондарды қайта бақылау-тексеру кезінде кемшіліктер анықталған. Негізінен, тежегіштің пневматикалық және механикалық жабдықтары, тежегішті реттеу, қолмен тежегіштің дұрыс жасамауы сынды кемшіліктер. Бұлар өндірістік-техникалық жөндеу кезінде қалпына келтірілуі тиіс. Сондықтан өндірістік-техникалық қызмет көрсетудің сапасын арттырып, вагонқараушылардың жұмысына бақылау жүргізу қажет. Қосалқы бөлшектер де жеткіліксіз.

> **ЖОЛ ДИСТАНЦИЯЛАРЫ БОЙЫНША, ГАНЮШКИНО, ИСАТАЙ, САЗАНҚҰРАҚ, Д.НҰРПЕЙСОВА, ШОҚПАРТОҒАЙ РАЗЪЕЗІ СЫНДЫ КЕЙБІР УЧАСКЕЛЕРДЕ ШПАЛДЫҢ ЖӘНЕ РЕЛЬСТІҢ, БҰРМАЛАРДЫҢ АҚАУЛЫҒЫНАН ЖЫЛДАМДЫҚТЫ ШЕКТЕУГЕ ТУРА КЕЛГЕН.**

алғанда, қозғалыс қауіпсіздігі, еңбек қорғау және қауіпсіздік техникасы, техникалық құралдардың жағдайы, ғимараттардың абаттандырылуы, жұмысшылардың тәртібі – қанағаттанарлық. Тексеріс кезінде бөлімше бойынша барлығы 1467 кемшілік анықталған.

Соның ішінде ең көбі жол шаруашылығына қатысты, яғни жолдардың сапасына сын көп. Ескірген шпалдар, бағыттамалы бұрмалардың бекітпелері осал, дұрыс жұмыс жасамай қалады. Сағатына 15 км жылдамдықпен жүретін телімдер де кездеседі. Сигнализация және байланыс дистанциялары бойынша электр желілерін, бағыттамалы бұрмаларды сыртқы тексеруді, рельс шынжырларының оқшаулау элементтерін тексеруді сапасыз жүргізу және жөндеу бағытындағы кемшіліктер бар. Шкафтар даттанып кеткен, кей бағдаршамдар іші шаң, топырақ басып кеткен, содан да жарығы көмескі. Дистанцияларда техникалық құжаттама жүргізуде де олқылықтар орын алған. Электрмен жадбықтау дистанцияларында жарықтандыру мәселесі төмен. Ескене станциясында амперметр істен шыққан. Мақатта дөңесалды паркі ғимаратына жөндеу қажет.

Атырау вагон пайдалану депосының командалық-нұсқаулық құрамы тарапынан лауазымдық міндеттері сапасыз орындалады. Нәтижесінде вагон қараушылар өрескел тәртіп бұзып, өз міндеттеріне салдыр-салақ қарайды, яғни вагонға

Атырау, Мақат локомотив деполары мен Мақат сервистік орталығында қосалқы бөлшектер жеткіліксіз. Соңғысына 4 штаттық бірлікте дәнекерлеушілер қажет. Локомотив шаруашылығы бойынша машинист-нұсқаушыларға сын айтылды. Олардың тарапынан пойыздың жүруі, автотежегішті басқару, машиниске қатысты басқа да кемшіліктер анықталмайды. Локомотив бригадаларының бақылау-нұсқау сапарлары, пойыз машинистерімен радиобайланыс дұрыс ұйымдастырылмайды. Жол және байланыс дистанциялары арасындағы бірлескен жұмыстарды өз деңгейінде жүргізу қажеттігі де айтылды. Кейбір станцияларда жылдамдықты барынша азайтуға тура келеді, себебі ағаш шпалдар шіріп жатыр. Бағыттамалы бұрмалардың жай-күйі де төмен, бұрма ұшы талапқа сай емес, ондай жағдай Ганюшкино, Теңдік станцияларында кездескен. Құлсары станциясында да жолдың нашарлығынан қозғалысқа бөгет келтірілген. Жиын соңында аталған жайттар саралана келе, көктемгі тексеріс анықтаған барлық кемшілікті белгіленген уақыт аралығында жою, қалпына келтіру, ал теміржолшыларға өз міндеттеріне жауапты қарау жөнінде шешім қабылданды.



# ТАЛАПҚА СӘЙКЕСТЕНДІРІЛДІ

Жан ПЕРДЕБЕК,
Шымкент

**«Қазақстан темір жолы» ҰҚ» АҚ «Шымкент магистральдық желі бөлімшесі» филиалына қарасты Арыс, Бадам, Манкент, Түлкібас және Сарыағаш вокзалдарында өткен жылдан бастап мүмкіндігі шектеулі азаматтарға қызмет көрсету талаптарына сәйкестендіріліп, бірқатар жұмыстар атқарылды.**

Шымкент магистральдық желі бөлімшесі директорының вокзал шаруашылығы жөніндегі орынбасары Нұрғиса Пошановтың айтуынша, қазіргі таңда Арыс, Бадам, Манкент, Түлкібас және Сарыағаш темір жол вокзалдарында пандустар талапқа сәйкестендірілген. Ал Шымкент, Түркістан, Арыс, Манкент, Түлкібас және Сарыағаш темір жол вокзалдарында мүмкіндігі шектеулі азаматтарға арналған қоларбалармен жабдықталды.

– Арыс, Манкент, Түлкібас және Сарыағаш темір жол вокзалдарында вокзал ғимараты кіре берісінде және дәретхана бөлмесінде шақырту түймелері орнатылды. Шымкент, Түркістан, Арыс, Түлкібас, Сарыағаш және Манкент темір жол вокзалдарының анықтама беру бюросы индукциялық плиталармен жабдықталды. Бұл өз кезегінде есту қабілеті төмен азаматтарға үлкен көмегін береді. Сондай-ақ, Арыс, Манкент, Түлкібас, Сарыағаш теміржол вокзал ғимараттарының ішінде көру қабілеті төмен жандарға арналған тактильдік жолдар орнатылды. Жалпы, Түлкібас және Сарыағаш теміржол вокзал ғимараттарында мүмкіндігі шектеулі азаматтардың келіп, кетуіне ыңғайлы болу үшін тактильді дыбыстық мнемосхемалар орналастырылды, – деді Нұрғиса Пошанов.

Сонымен қатар, Түлкібас, Арыс, Сарыағаш, Манкент темір жол вокзалдарындағы билет кассалары мүмкіндігі шектеулі азаматтарға арнап қайта жабдықталды. Мүмкіндігі шектеулі азаматтарға арналған дәретхана бөлмелері де жасақталған. Бұдан бөлек, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға арналған таңбаша пиктограммалар орнатылды. Оның қатарында Бадам вокзалы да бар.

Тағы бір айта кететін жайт, аталған вокзал ғимараттарының күту залында мүмкіндігі шектеулі азаматтарға арналған жекеленген күту орындықтары да орнатылды.

*Суретті түсірген автор*

№33-34 (2641-2642) 14/05/2021

## ОБУЧЕНИЕ АГЕНТОВ ИЗМЕНЕНИЙ ПРОДОЛЖАЕТСЯ

100 МОЛОДЫХ ЛИЦ ҚТЖ

**В АО «НК «ҚТЖ» дали официальный старт первого модуля второго года обучения в рамках уникальной программы «100 молодых лиц ҚТЖ». В 2020 году участники проекта получили расширенные личностные навыки, а в текущем году для них продумано обучение внутреннему тренерству, усиленному английскому языку и многому другому.**




**Асель ШАЙХЫНОВА,**
Нур-Султан

В приветственном слове со стороны топ-менеджмента директор филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Дирекция магистральной сети» Бауыржан Урынбасаров отметил, что именно на активную молодежь в компании делается ставка, и такое обучение очень полезно. Оно стало частью корпоративной культуры компании, способствуя большей вовлеченности молодых сотрудников и формируя дополнительную ценность каждодневной работы.

В свою очередь, директор по управлению персоналом АО «НК «ҚТЖ» Тамила Микулич сделала акцент на презентации Дорожной карты всего проекта. В этом году с 10 по 15 мая пройдет первый модуль обучения, а окончание программы по тренерству планируется на конец ноября.

Так, в общем будет пять модулей обучения. В каждом из них запланировано участие представителей топ-менеджмента компании и известных, выдающихся личностей – приглашенных бизнес-тренеров. Во время обучения участники пройдут курсы английского языка от Джефри Уитни «DynED», «Школы развития», Tutor notes и многое другое.

> **В ЭТОМ ГОДУ С 10 ПО 15 МАЯ ПРОЙДЕТ ПЕРВЫЙ МОДУЛЬ ОБУЧЕНИЯ. В ОБЩЕМ ИХ БУДЕТ ПЯТЬ. В КАЖДОМ ИЗ НИХ ЗАПЛАНИРОВАНО УЧАСТИЕ ПРЕДСТАВИТЕЛЕЙ ТОП-МЕНЕДЖМЕНТА КОМПАНИИ И ИЗВЕСТНЫХ, ВЫДАЮЩИХСЯ ЛИЧНОСТЕЙ – ПРИГЛАШЕННЫХ БИЗНЕС-ТРЕНЕРОВ.**

Особенно впечатлило молодых железнодорожников выступление с мотивационной речью приглашенного гостя – одного из лучших экспертов по управлению изменениями, доктора PhD в области организационного поведения в США, консультанта таких гигантов, как Coca-Cola, IBM, VIG и Henkel, автора трех книг о бизнесе и стратегии устойчивости, основателя академии «Пересборка» Нади Жексембаевой. Наша соотечественница уже много лет живет и работает в США, часто проводит онлайн-обучение о трендах в области развития бизнес-стратегий.

– Из-за быстрых перемен во внешнем мире важно перестраивать не только soft skills, но и hard skills – бюджетирование, планирование, инвестпрограммы – они все созданы для долгих циклов, для стабильного мира. Строить компании, свое будущее важно устойчиво, но гибко. Реалии таковы, что если ты стоишь на месте – тебя неумолимо тянет назад, потому что весь мир стремительно несется вперед. По мнению экспертов, жизненный цикл бизнеса сейчас не больше 7 лет, против 75 лет в прошлом. Это значит: чтобы выжить, нужно полностью менять концепцию бизнеса каждые 7 лет. Более того, эти циклы продолжают сокращаться, – отметила она.

## ВЫСОКОНАДЕЖНАЯ ТЕХНИКА В ПОМОЩЬ

РЕМОНТ

**В этом году на Карагандинской дистанции магистральной сети запланированы работы по сплошной смене рельсовых опор в объеме 67 километров.**



**Светлана МОГАЙ,**
Караганда

По словам начальника отдела пути Нуржана Калиева, по ПЧ-24 Караганда на четных перегонах Сороковая – ОП-42, ОП-42 – Бабатай, Шокай – Мырза будет отремонтирован 31 километр пути, по ПЧ-26 Акадыр на четных перегонах Карабас – Караганозек, Карамурын – Кулайгыр, Киик – Мойынты – 36 километров.

– С 23 апреля идут работы на перегоне Киик – Мойынты. В настоящее время уложено 1,800 километра при плане 22,1. Работа производится с применением путеукладочных кранов, – сообщил он.

Как известно, рельсовые опоры играют важную роль на железнодорожном полотне. Благодаря им разрозненные рельсовые нити превращаются в четко фиксированные рельсовые колеи, обеспечивающие движение подвижного состава по заданной траектории. В связи с этим очень важно, чтобы рельсовые опоры находились в исправном состоянии в первую очередь для безопасности движения поездов.

Во время ремонтных работ подготовленные к смене рельсы раскладывают внутри колеи, а затем сболчивают в плети. При смене рельсов одну из этих плетей надвигают на место одной нити, а другую – на место другой. Замена рельсовых опор осуществляется с применением новой современной техники, в частности, путевой машины SMD-80. Современная машина обладает повышенной производительностью, экономичностью и считается высоконадежной в использовании.

SMD-80 используется и в короткие окна. Машина способна убирать и укладывать шпалы всех видов и таким образом заметно облегчает труд работников путевого хозяйства.

*Фото автора*

## ПРОЧНЫЙ ЗАСЛОН

АНТИКОРРУПЦИЯ

**Вопрос противодействия коррупции обсудили железнодорожники Алматинского отделения грузовых перевозок в ходе онлайн-совещания, прошедшего в рамках проекта «ANTIKOR.LIVE».**



**Елена КОЛДАСБАЕВА,**
Алматы

На совещании рассмотрели основные вопросы коррупции, профилактики и предупреждения коррупционных нарушений согласно Закону Республики Казахстан «О противодействии коррупции». В частности, говорилось об основной деятельности отделения и его структурных подразделений, какие меры принимаются по недопущению проявлений деяний коррупционного характера. Было озвучено, что в целях усиления профилактики и исключения коррупции разработан Регламент по взаимодействию филиала между участниками процесса подачи и уборки вагонов на подъездные пути, полностью исключен оборот наличных денег из процесса перевозок грузов. Более того, на всех станциях Алматинского отделения ГП внедрена автоматизированная система «Договорная и коммерческая работа», являющаяся одной из 19 инновационных проектов, контролируемых АО «ФНБ «Самрук-Қазына». В целях исключения контакта при сдаче документов на перевозку работникам станции, внедрена безбумажная технология оформления перевозочных документов. Это не только упрощает процесс взаимодействия, но и повышает прозрачность и подотчетность. Создана единая централизованная база доходов и расходов, платежей для клиентов.

Кроме того, в процессе диалога директор Алматинского отделения грузовых перевозок Берик Акчалов остановился на принятых мерах для исключения коррупционных рисков в сфере закупок. Цены закупаемых товаров, работ и услуг проходят экспертизу в департаменте цен филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Многофункциональный центр обслуживания». Все закупки проводятся на портале электронных закупок АО «Самрук-Қазына».

В рамках онлайн-встречи также обсуждался вопрос по выявлению рисков в организационно-управленческой сфере и нормативно-правовых актах, говорилось, что созданы комплаенс-служба, проектный офис «Адал жол», направленные на обеспечение надлежащего функционирования пассажирских и грузовых перевозок, доступность населения к услугам железнодорожного пассажирского и грузового транспорта.

В целях формирования стойкой антикоррупционной культуры и профилактики филиал проводит работу в сфере противодействия коррупции. На системной основе проводятся встречи с представителями антикоррупционной службы, правоохранительными органами, партии «Нұр Отан», а также с грузоотправителями/грузополучателями, где обсуждаются проблемные вопросы, коррупционные риски.

Также Берик Акчалов заострил внимания на мерах, принимаемых руководством для исключения коррупционных рисков при принятии на работу. Все вакантные должности по филиалу через рекрутеров публикуются на сайте rabota.kz. При этом должности административно-управленческого персонала выставляются на сайте в течение10, производственного персонала – 3 дней. Кроме того, на определенные должности предоставляются тестовые вопросы. Специалисты отдела по работе с персоналом после получения списка соответствия и тестов приглашают кандидатов для сдачи тестирования в течение 2-3 рабочих дней.

В Алматинском отделении ГП на всех уровнях придерживаются принципа нулевой терпимости к любому проявлению негативного явления, работа ведется в тесном сотрудничестве с правоохранительными и государственными органами.

*Фото автора*

## ВРЕМЕННО ЗАПРЕЩЕНА ПОСАДКА

**Алуа ТЛЕУБАЙ,**
Нур-Султан

ПЕРЕВОЗКИ

**Согласно письмам Министерства индустрии и инфраструктурного развития РК и Управления пассажирского транспорта и автомобильных дорог Восточно-Казахстанской области, для предотвращения распространения коронавируса по ВКО с 00.00 13 мая до отмены временно запрещена продажа проездных документов, посадка/высадка пассажиров по станциям Усть-Каменогорск и Новоустькаменогорск на пассажирский поезд №351/352 сообщением Алматы – Оскемен.**

Пассажиры могут вернуть железнодорожные билеты на отмененные стоянки поезда и получить денежные средства в полном объеме без удержаний в сроки, установленные Правилами перевозок пассажиров, багажа, грузобагажа и почтовых отправлений железнодорожным транспортом.

Всю справочную информацию о порядке курсирования пассажирских поездов можно узнать по номеру 105.

Национальный перевозчик просит пассажиров отнестись с пониманием к вводимым ограничениям и соблюдать меры безопасности в период распространения коронавирусной инфекции.

## УСПЕШНЫЕ ПЕРЕГОВОРЫ

**Жаныбек КЕНЕС,**
Нур-Султан

СОТРУДНИЧЕСТВО

**Представители Казахстана и Китая обсудили вопрос по увеличению приема грузовых составов на границе. В целом, в рамках переговоров министра торговли и интеграции РК Бахыта Султанова с министром коммерции КНР Ван Вэньтао рассмотрен вопрос об углублении торгового и инвестиционного сотрудничества.**

В связи карантинными мерами в КНР наблюдается проблема длительного простоя вагонов на границе двух стран. Бахыт Султанов поднял вопрос по оказанию содействия Китая для решения вопроса по увеличению приема грузовых составов через погранпереход Достык – Алашанькоу до 18-20 поездов в сутки, через погранпереход Алтынколь – Хоргос – до 8-10 поездов в сутки и увеличения приема порожних прицепов на пункте пропуска «Нур жолы» до 20 единиц в сутки.

Отмечается, что с конца 2020 года министерство торговли и интеграции РК является рабочим органом казахстанской части МЦПС «Хоргос», в том числе ответственно за реализацию механизма координации деятельности Казахстанско-Китайского международного центра приграничного сотрудничества «Хоргос».

В настоящее время Казахстан пересматривает подходы дальнейшей деятельности МЦПС с упором на развитие мощностей переработки, промышленной кооперации и глобальной цепочки поставок.

## БЫСТРО, ПРОФЕССИОНАЛЬНО, СМЕЛО

**Аслан КУДАБАЕВ,**
Костанай

УЧЕНИЯ

**Огнеборцы показали отличную выучку во время тушения складов на станции Костанай. Здесь прошли плановые пожарно-тактические учения с участием пожарного поезда и работников станции.**

К этим тренировкам по условному тушению пожаров в складском помещении АО «Кедентранссервис» были привлечены пожарный поезд станции Костанай, сотрудники ГУ «Служба пожаротушения и аварийно-спасательных работ» ДЧС области, и конечно же отважные пожарные формирования звеньев гражданской защиты железнодорожной станции.

– Цель учений: отработка взаимодействия между ГУ «Служба пожаротушения и аварийно-спасательных работ» ДЧС Костанайской области, АО «НК «Қазақстан темір жолы», – говорит начальник железнодорожного пожарного отряда Султан Смамбаев. – А также проверка готовности формирований, привлекаемых для тушения пожаров, обучение личного состава оценке обстановки пожаров в административном здании, определению решающего направления на пожаре, организации тушения пожара в сложных условиях и управление личным составом при работе в боевой обстановке.

Кстати, каждый раз организаторы учений всячески изощряются, ломая голову над очередным тактическим замыслом учений. В этот раз легенда учений гласила: при проведении сварочных работ в щитовой произошло короткое замыкание электропроводки, в результате чего произошло возгорание в складском помещении АО «Кедентранссервис» по станции Костанай. На пожар быстро прибыли вышеназванные противопожарные подразделения. Действия их были профессиональными и слаженными. Потому и пожар они погасили оперативно и без жертв. за что получили одобрение руководства.

*Фото автора*

№33-34 (2641-2642) 14/05/2021

# МАЙДАНГЕРЛЕР – МАҚТАНЫШЫМЫЗ

**Қызылордалық үш соғыс ардагерін аймақ теміржолшылары Жеңіс мерекесімен кезек-кезек құттықтап, құрметке бөлеп, баталарын алды. Теміржолшылардан бөлек майдангерлерді қала, ауыл әкімдіктері, тұрғылықты мекен-жайына жақын маңда орналасқан іргелі кәсіпорын мен ұйымдардың өкілдері де топ-топ болып келіп құттықтап жатты.**



**Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,**
Қызылорда



Қызылорда белгі беру және байланыс дистанциясының есебіндегі тұрған майдангер, неміс басқыншыларын Берлинге дейін қуып барып елге жеңіспен оралған Төлеген Жүнісовті дистанция басшысы Әкімжан Қосанов бастаған топ құттықтай барып батасын алса, Сексеуіл станциясында тұратын байырғы машинист, соғыс ардагері Талжан Жанасовты бөлімшенің басшылығы атынан кәсіподақ ұйымының төрағасы Мұқтар Көпірбаев бастаған топ арнайы барып құттықтады. Қызылорда ЖТ бөлімшесінің есебінде тұратын қарт майдангерлер мерекемен құттықтай келген әріптестерін көңілдері көтеріліп қуана қарсы алды.

Соғыстың соңғы көзі тірі куәгерлері өткен күндерінен естелік айтып, әңгіме-дүкен құрып бір жадырап қалды. Екі ардагерге де арнайы азық-түлік себеті тарту етіліп, сый-сияпат берілді.

Соғыстың өртін мәңгі өшірген майдангерлер – біздің мақтанышымыз. Қатарлары тым азайып, санаулы ғана қалған ардагерлердің осы күнге жетіп тірі жүргендерінің өзі бізге олжа дейді сыр бойы теміржолшылары.

*Суреттерді түсірген автор*

# СОҒЫС КӨРГЕН КЕЙУАНА

**Жеңістің 76-шы көктемін қарсы алып отырған ақтөбелік тыл ардагері Рахила Қанатбаеваның жастық шағы сұрапыл соғыс жылдарымен тұспа-тұс келген.**



**Ардақ ЕРУБАЕВА,**
Ақтөбе

14-15 жасында еңбекке араласып, ерте есейген қаршадай қыз кәмелеттік жасқа жетпей соғыс даласына тап болған.

Ақтөбе магистральдық желі бөлімшесінің директоры Серғали Аманғалиұлы Жайлаубай жылдағы дәстүр бойынша қарияның шаңырағында болып, Жеңіс күнімен құттықтады. Тыл ардагеріне мерекелік сыйақы табысталып, азық-түлік себеті тарту етілді. Бүгінде 95 жастағы кейуана соғыс кезінде де, одан кейінгі жылдары да шойынжолда еңбек еткен. Ізбасар әріптестерін көрген қарт теміржолшының қуанышында шек болған жоқ.

«Жеңіс күні – бұл сіздің мерекеңіз, апа! Сұрапыл соғыс кезіндегі аға буынның ерлігі біздің мәңгі жадымызда, ол ешқашан ұмытылмайды. Сіздер бастан кешкен қиын күндер, қаһармандықтарыңыз ұрпақтан-ұрпаққа жетеді. Соғыс сұмдығын көзбен көріп, Ұлы Жеңіске үлес қосқан Ақтөбедегі жалғыз ардагеріміз – сіз аман болыңыз, деніңіз сау, отбасыңыз аман болсын!», – деді ардагердің алдында басын иген Ақтөбе магистральдық желі бөлімшесінің директоры Серғали Жайлаубай.

Ел басына күн туғанда қара жұмысқа жегілген өрімдей қыз 1943 жылы өзі секілді бір топ жас қыздармен соғыс даласына жөнелтіледі. Бір жыл бойы қан майданда соғыс даласындағы жаралы жауынгерлерге көмек көрсетіп, ота жасайтын дәкелерді ыстық суға қайнатып, госпитальдағы дәрігерлерге көмектесетін санитар болған. Қираған үйінділер астынан жаралыларды, кейде мәйіттерді де арқалап шығаратынын еске алды.

«Отан үшін от кештік. Суықта шұрық-тесігі шыққан жыртық аяқ киімімізді шешіп, өлген сарбаздардың етігін киіп алатынбыз. Әр атқан таң мен батқан түнде соғыстың тезірек бітуін тіледік. Бір жылдан кейін тексеріс болып, кәмелеттік жасқа толмай соғыс даласында жүрген балалар елге қайтарылды, сол бір жыл бізді он жасқа есейтті», – дейді ардагер.

Елге оралған соң Ақтөбе облысының Шалқар ауданындағы депоға жұмысқа тұрып, шойын цехында соғыс құралдарын дайындауға көмектескен Рахила апа Жеңіс күні келіп жеткенше бел шешпей еңбек еткен. Соғыстан кейін де ұзақ жыл теміржолшы болды. «Бірақ бейбіт замандағы жұмыс қанша ауыр болса да соғыстың жоғы еңсені көтеретін» дейді қария. Соғыстан кейін отбасын құрып, бала-шағалы болған апаның үш ұлы да ұзақ жыл теміржолшы болып еңбек етіп, өмірден озды. Бүгінде қызының қолында тұрады.

Осылай, өткен өмір жолын еске алған кейуана ұлағатты әңгіме өрбітіп, өзін құттықтай келген ізбасарларына зор ризашылығын білдіріп, бейбіт өмір мен өскелең ұрпақ болашағының жарқын болуын тіледі.

*Суретті түсірген автор*

# ТЫЛДА ЕҢБЕК ЕТКЕН

**Жаңаөзендік теміржолшы, тыл ардагері Жұма Сүйіндіков соғыс жылдары балалығын жоғалтқан көп замандастары секілді буыны қатып, бұғанасы бекімей еңбекке ерте араласқан.**



**Айсұлтан АРМАН,**
Жаңаөзен

Бүгінде қаланың іргесіндегі Теңге ауылында кенже бала-келінімен бірге тұратын қарияны жергілікті теміржолшылар Жеңіс күнімен құттықтады.

– Жұма Сүйіндіков – Маңғыстау локомотив депосының қамқорлығындағы жалғыз тыл ардагері. Мұндай жандармен әңгімелесіп, өткен күндер естелігін өз аузынан естудің өзі бір ғанибет болып барады. Сондықтан ардагерімізді Жеңіс күнімен құттықтап, хал-жағдайын біліп қайтуға арнайы келдік, – дейді тыл еңбеккерінің шаңырағына бас сұққан Маңғыстау локомотив депосының кәсіподақ комитеті төрағасы Әбілсейт Набиханов. Онымен бірге депоның Жаңаөзен айналым депосы бойынша бастығының орынбасары Амандық Аралбеков, депо кезекшісі Дүйсен Сақтағанов, таспа тексеруші инженер Арзу Досбосынова да ере келіп, ақсақалды әбден риза етті. Әріптестері қарт теміржолшыға әріптестері атынан жұмсақ диван жеткізіп беріп, сыйлық себетін табыстады.

Қазірде үш ұл мен төрт қызынан бір етек немере-шөбере сүйіп отырған Жұма ақсақал ҰОС жылдары колхозда еңбек етіп, 13-14 жасында қой бағып, егін жинап, масақ терсе, соғыстан кейінгі өмірін теміржолға арнап, машинист болған екен. Теміржолшы-ардагер 1930 жылы Түркіменстанның бір колхозында туған. Қанды қырғын басталғанда мектепте оқып жүрген жас бала бірден еңбекке араласады. 1941-1945 жылдары қойшының көмекшісі болды, егін егіп, кетпен шапты, әйтеуір, баламын демей таңның атысы, күннің батысы бір тынбағандарын айтады.

Соғыстан кейін 1946 жылы Краснаводск қаласындағы ФЗО-да алты ай тепловоз машинисінің көмекшісі кәсібіне оқып, бірнеше жыл еңбек етеді. 1950 жылы Кеңес армиясы қатарына шақырылып, борышын Новосибирскте өтейді. 1954 жылы әскерден оралысымен Мары қаласында машинист мамандығы бойынша жарты жылдық курстан өтіп, 1954-1960 жылдары сол жерде тепловоз машинисі болып жұмыс істейді. 1960 жылы Ашхабадта тағы он ай оқып, біліктілігін шыңдап, 1966 жылға дейін түркімен теміржолында жолаушы тасымалын жүргізген.

– Маңғыстауға теміржол тартылып, түбектің байлығын игеру басталды дегенді естіп мен де әрі қарай тарихи Отаныма қызмет етейін деп Қазақстанға оралдым. Жаңаөзенге көшіп келіп депоға жұмысқа орналастым. 1966 жылдан 1985 жылы зейнетке шыққанға дейін тепловоз жүргіздім. Зейнетке шықсам да басшылықтың сұрауымен тәжірибемді жастарға үйрету мақсатында 1996 жылға дейін жұмыс істедім, – деген ардагер теміржолшы жастарға еңбек етіп мал табу, отбасын асырау жайлы тағылымды әңгіме айтты.

*Суретті түсірген автор*

# МӘҢГІ ҚАРЫЗДАРМЫЗ...

**Миллиондардың үзілген жаны, төгілген қанымен келген Ұлы Жеңістің қадірі қашанда қымбат. Бүгінгі ұрпақ соғысты көрмесе де, жеңісті сыйлаған аға буынның ерлігіне мәңгі қарыздар.**



**Шахида ЖҰМАН,**
Маңғыстау

Маңғыстаулық жас теміржолшылар игілікті істі амалға асырып, жеңісті жақындатқан жандардың қуанышына себеп болды. Олар Самұрық Қазына қорының мұрындық болуымен жүргізіліп жатқан Жеңіс жобасы аясында түбектегі ардагерлердің әрбірінің үйіне бас сұғып, хал-жағдайымен танысып қайтты. Қарт майдангерлер мен майдан даласын күшейтуге үлес қосқан тыл еңбеккерлеріне мерекелік азық-түлік себетін жеткізді.

– Жоба бойынша Ұлы Жеңіске орай 40 отбасына азық-түлік үшін қаржы бөлінген болатын. Сол азық-түліктерді алып, белгіленген тізім бойынша таратудамыз. 9 мамыр күні Ақтау қаласынан 21 ардагердің шаңырағында болып, мерекелік тартуды табыстадық. Енді осындай сыйлықты Мұнайлы ауданындағы 4 үйге алып барып, әрі қарай Шетпе кентіндегі 15 ардагердің үйіне жол тартамыз. Жоба әлі де жалғасуда. Жаңаөзендік ардагерлерімізді сол жақтағы әріптестеріміз қамтуда. Жалпы, біз бұл күнге арнайы дайындалдық. Ардагерлеріміздің шаңырағына сол кездегі солдат формасымен кіріп барамыз. Бізді әскери формада көргенде қарияларымыздың өткен өмірі еске түсіп, түрлі сезімде болатынын көзіміз көрді. Біреулері тебіреніп көзіне жас алса, біреулері қимас адамымен жолыққандай ерекше қуанады, – дейді жобаның Ақтау қаласы бойынша аймақтық үйлестірушісі, Маңғыстау ТҚКП вагон қараушысы Қуатбек Көпбаев.

Жас теміржолшылар, сонымен қатар, 9 мамыр күні облыс орталығындағы «Мәңгілік алау» монументіне гүл шоқтарын қойып, қаза болған боздақтарды үнсіздікпен еске алды. «Мәңгі қарыздармыз» жеңіс видеороликін дайындап, әлеуметтік желіге салды.

*Суретті түсірген автор*

# АРДАГЕРГЕ КӨЛІК СЫЙЛАДЫ

**Шымкент жүк тасымалы бөлімшесі жылдағыдай теміржолшы ардагерлердің шаңырағына барып, Жеңіс мерекесімен құттықтады. Айта кетейік, Түркістан өңірі мен Шымкент қаласы бойынша биыл бес ардагер ғана қалды.**



**Жан ПЕРДЕБЕК,**
Түркістан-Шымкент

Ұлы Отан соғысының ардагері Қалмен Мұратов 97 жаста болса, Қадыр Атажанов 96 жаста, Исамахаммет Ахметов 95 жаста және 94 жастағы Рахим Исмаилов пен Кемел Аршеевтер бейбіт күннің қызығын ұрпақтарымен бірге кешуде.

Жеңіс мерекесі қарсаңында Шымкент жүк тасымалы бөлімшесінің басшылығы, кәсіподақ комитеті, ардагерлер кеңесі бұл ардагерлерді арнайы құтықтап, азық-түлік себеттері мен сый-сияпат табыс етті. Сондай-ақ, ұжымдық шартқа сәйкес 90 жастан асқан барлық ардагерге 30 АЕК шамасында ақшалай сыйақы берілді.

«Жеңістің 76 жылдығына орай біз 8-9-10 мамыр күндері арамызда санаулы ғана қалған ардагерлердің барлығының шаңырағына кіріп, мерекемен құттықтап шықтық. Бадамда тұратын ең жасы үлкен ҰОС ардагері Қалмен Мұратовқа бардық. Ол кісі өзі кіріп-шығып жүреді. Шымкент қаласы әкімдігі ол кісіге биыл сыйға көлік тарту етті. Ардагердің қуанышында шек болмады. Содан кейін жүре алмай қалған ардагер Исамахаммет Ахметовке де соқтық. Ардагерлердің барлығына 30 АЕК көлемінде сыйақы берілді. Оған қоса 50 мың теңгеден және азық-түлік себеті де үлестірілді. Ардагерлерден бөлек 6 ауған соғысының қатысушысын да құттықтап, оларға да ақшалай сыйақы берілді. Ардагерлердің көбі жалғыз, жұбайлары қайтыс болып кеткен. Бәріне ұлдары мен келіндері жақсы қарап отырғанын көріп, риза болдық», – деді Шымкент ЖТ бөлімшесі Ардагерлер кеңесінің төрайымы Майра Бақбергенова.

*Суретті түсірген автор*

# ОКОП ҚАЗҒАН ҚАЗАҚ ҚЫЗЫ

**«Ащы мен тұщыны татқан білер, алыс пен жақынды жортқан білер» дегендей, сұрапыл соғыс қиындығын көзбен көрген адамдар арамызда әлі де болса бар. Солардың бірі – Төлеуова Қалима Таласбайқызының өмірбаяны батыр қыз Әлия Молдағұловаға ұқсас көрінді.**



**Қосұйым МҰҚАШЕВ,**
Атырау

1925 жылы 25 қыркүйекте Гурьев облысы Бақсай (қазіргі Махамбет) ауданының 15-ші ауылында дүниеге келген Қалима апаны ата-аналары қайтыс болған соң үлкен ағасы Тұрар Қондыбаев Ленинградқа көшіріп алады. (Батыр қыз Әлияны да оқушы кезінде ағасы Әубәкір Ленинградқа алып кетіп оқытпай ма?) Іні-қарындастарын өзі жұмыс жасап жатқан қаласына көшіріп әкелген Тұрар әуелі Орынбордың рабфагында оқып, кейін Ленинградта геолог мамандығын алған мықты қазақ болған. Кейін ол Совет Одағына белгілі геолог болып, геология ғылымы саласында көлемді еңбек жазған.

Соғыс басталғанда Тұрар броньмен қалдырылып, отан қорғау ісіне пайдалы минералды заттарды іздестіруге құрылған экспедициямен Қиыр Шығысқа, ал інісі Сәкен Белоруссия ерекше әскери округіне жұмысқа жіберіледі. Қалима болса сол кезде неміс басқыншыларымен қоршауда қалған Ленинградта окоп қазу жұмыстарына қатыстырылады. Жамбыл Жабаевтың әйгілі «Ленинградтық өренім!» дейтін өлеңінің де жазылғаны осы тұста еді. Ас жоқ, су жоқ, қоршауда қалған қаланың тұрмысы қаншалықты қиын жағдай кешкені тарихтан мәлім. Соғыс өз алдына, адамдар аштық пен суықтан күнде қырылып жатты...

Зауыттар мен басқа да стратегиялық маңызы бар объектілерді Ленинградтан көшірген кезде Қалима апа да туған жері Гурьевке келеді. Ленинград қоршауында қалып, өліммен бетпе-бет келіп батыл өскен өршіл қыз туған жерінде аянбай еңбек етеді. Жұмыста абыройлы болады. Тағдыр қосып, Төлеуов Қайырболат есімді жергілікті теміржолшы жігітке тұрмысқа шығады. Қайырболат аға пойыз құрастырушы, станция кезекшісі, Доссор станциясының бастығы болып жұмыс істейді. Ал Қалима апа Доссор станциясында билет және тауар кассирі болып 40 жыл еңбек еткен. Төрт бала тәрбиелеп өсірген, барлығы жоғары білімді. Қалима әжей – солардан немере, шөбере сүйіп, қызығына бөленіп отырған бақытты әже.

Мереке күні Қалима апайды Атырау жүк тасымалы кәсіподақ комитетінің төрағасы Нұрбол Нұрышев бір топ әріптестерімен құттықтай келіп, естелік сый-сияпаттарын беріп, апайдың өмір жолынан шерткен естеліктерін ұйып тыңдады.

*Суретті түсірген автор*

№33-34 (2641-2642) 14/05/2021

**Ко Дню Победы железнодорожники из разных регионов страны поздравили ветеранов и тружеников тыла, которые справились со всеми тяготами и послевоенные годы жизни посвятили развитию стальной магистрали. Их подвиги живут в памяти и сердцах поколений.**

# ДОСТОЙНЫ ПОЧЕТА И СЛАВЫ

Железнодорожники навестили ветеранов, не подвергая при этом их опасности, со строгим соблюдением масочного режима и использованием антисептических средств.

Руководство и профсоюз Акмолинского отделения ГП поздравили долгожителя, ветерана Великой Отечественной войны и железнодорожного транспорта Василия Сердюкова и поблагодарили его за героический труд, терпение, мужество и веру в Победу.

Василий Антонович посвятил железной дороге почти полвека своей жизни. Трудовой путь начинал рабочим. Затем долгие годы возглавлял коллектив столичной станции.

Родился он 21 ноября 1926 года в селе Богдановка Акмолинской области. В школьные годы грезил о небе, мечтал стать летчиком и собирался после окончания 10 класса поступать в авиационное училище. Но война внесла свои коррективы.

> **С КАЖДЫМ ГОДОМ СТАНОВИТСЯ ВСЕ МЕНЬШЕ СОЛДАТ ВЕЛИКОЙ ПОБЕДЫ. ПО ТРАДИЦИИ, ДОЛГОЖИТЕЛЯМ ПОЖЕЛАЛИ КРЕПКОГО ЗДОРОВЬЯ И СЕМЕЙНОГО БЛАГОПОЛУЧИЯ, А ТАКЖЕ ВРУЧИЛИ ПРОДУКТОВЫЕ КОРЗИНЫ И ЕДИНОВРЕМЕННУЮ МАТЕРИАЛЬНУЮ ПОМОЩЬ.**

В 1943 году со школьной скамьи его призвали на службу в учебный автополк в город Хвалынск Саратовской области, по окончании которого присвоили звание сержанта и направили в Белоруссию в артиллерийскую воинскую часть.

Василий Антонович участвовал в освобождении городов Белоруссии и Польши, форсировал реки Одер, Шпрее и Висла. Самые тяжелые бои были на подступах Берлина, в 75 километрах от города на Зееловских высотах.

Война для Василия Сердюкова закончилась 2 мая 1945 года у стен поверженного Рейхстага. До начала 1946 года солдат находился в воинской части в Германии. За военные подвиги он награжден орденом Отечественной войны, медалью «За отвагу».

После демобилизации окончил Новосибирский институт военных инженеров железнодорожного транспорта. Работал дежурным, поездным диспетчером на станции Курорт-Боровое, начальником станций Кокчетав и Целиноград.

Руководство, профсоюзный комитет и Совет ветеранов Восточно-Казахстанского отделения поздравили с Днем Великой Победы ветеранов Василия Снегуру и Анну Пьяненко.

Участник Великой Отечественной войны Василий Снегур родился в 1927 году в многодетной семье крестьянина в поселке Миргород Новосибирской области.

В последних числах сентября 1944 года, когда ему было чуть больше 17 лет, его направили курсантом в училище под Новосибирском. В мае 1945 года он со своими сверстниками ждал отправления на западный фронт. Их даже рассадили в вагоны, но внезапно пришла хорошая новость: война закончилась. Все ликовали.

Через несколько дней молодых курсантов перебросили на Дальний Восток. Войскам, где служил Снегур, довелось выбивать противника из гористой местности Большой и Малый Хинган, округов Цицикар, Первый Таань.

